

**Үкіметтің, Ұлттық Банк пен Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009-2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспарын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінетін қаражаттың пайдаланылуын бақылауды жүзеге асыратын жұмыс тобының қызметі туралы
№ 154 баспасөз-релизі**

2009 жылғы 26 маусымда Қазақстан Республикасы Президентінің «АқОрда» резиденциясында Үкіметтің, Ұлттық Банк пен Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің Экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыру жөніндегі 2009-2010 жылдарға арналған бірлескен іс-қимыл жоспарын қамтамасыз ету үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық қорынан бөлінетін қаражаттың пайдаланылуына бақылауды жүзеге асыратын жұмыс тобының (бұдан әрі – Жұмыс тобы) кезекті (сегізінші) отырысы болып өтті.

Отырыста Жұмыс тобының Үйлестіру кеңесі қызметінің шеңберінде прокуратура органдарының екінші деңгейдегі банктерге ұлттық қауіпсіздік, қаржы полициясы органдары қызметкерлерінің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігі мамандарының қатысуымен өткізген тексерулерінің нәтижелері туралы Қазақстан Республикасы Бас Прокуратурасының ақпараты тыңдалды.

Тексеру нәтижелері бойынша қаражаттың мақсатты, тиімді және заңды пайдаланылуында бірқатар жөнсіздіктер анықталды. Атап айтқанда, ипотекалық заемдарды қайта қаржыландыру бойынша азаматтардың мақсатқа лайықсыз санаттарын кредиттеу, мақсатсыз кредиттерді қайта қаржыландыру (тұтынушылық кредиттердің орнына ипотекалық кредиттер беру), комиссиялар мен алымдарды заңсыз өндіріп алу, заемшыларда берешектің болуы, заемды пайдаланғаны үшін сыйақы ставкасын өсіру фактілері орын алды. Сондай-ақ, шағын және орта кәсіпкерлік субъектілерін кредиттеу бойынша (ірі кәсіпкерлік субъектілерінің) мақсатқа лайықсыз санаттарын кредиттеу, алынған заемдарды мақсатсыз пайдалану, кредиттер бойынша сыйақы ставкасын өсіру фактілері анықталды. Сондай-ақ, Бас прокуратураның қорытындысы бойынша «ҚазАгро» ҰХ» АҚ жүргізген тексеру барысында қаражатты мақсатсыз пайдалану фактілері белгілі болды. Бас прокуратура анықтаған фактілердің бірқатары бойынша материалдар Экономикалық қылмысқа және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес агенттігінің тиісті аумақтық бөлімшелеріне жіберілді.

Анықталған жөнсіздіктердің нәтижелері бойынша «Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ жасалған келісімдер аясында екінші деңгейдегі банктерге іс-шаралар қолданатын болады. Агенттік тарапынан банктік заңнаманы бұзушылықтың анықталған фактілері бойынша тиісті шаралар қолданылады.

Сондай-ақ, отырыста «Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ мен «ҚазАгро» ҰХ» АҚ-ның директорлар кеңесінің жанында құрылған Мамандандырылған

комитеттер басшысының (Қазақстан Республикасының Қаржы министрі Б.Б. Жәмішевтің) жасаған жұмысы жөніндегі ақпараты тыңдалды.

Дағдарысқа қарсы жоспардың іс-шараларын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкіндегі «Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ мен «ҚазАгро» ҰХ» АҚ-ның арнайы шоттарына аударылған қаражатты былай игеру көзделіп отыр:

банктерді капиталдандыруға – **332,1** млрд. теңге;

жылжымайтын мүлік нарығындағы проблемаларды шешуге – **360** млрд. теңге;

шағын және орта бизнесті қолдауға – **117** млрд. теңге банктерге, **3** млрд. теңге «Даму» КДҚ» АҚ-ға бөлінді;

экономиканың нақты секторының жобаларын кредиттеуге – **144** млрд. теңге;

инновациялық, индустриалдық және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыруға – **120** млрд. теңге;

агроөнеркәсіптік кешенді қолдауға – **120** млрд. теңге.

25.06.09 жылғы жағдай бойынша алынған ақпаратқа сәйкес іс жүзінде игерілгендері мыналар:

1) қаржы секторын тұрақтандыру бойынша

212,1 млрд. теңге – Үкіметтің «БТА Банкі» АҚ-ның жай атаулы акцияларын 25 246 343 дана мөлшерінде сатып алуы;

27 млрд. теңге – «Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ-ның «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның жай атаулы акцияларын 259 064 909 дана мөлшерінде және артықшылықты акцияларын **33** млрд. теңгеге 196 232 499 дана мөлшерінде сатып алуы.

36 млрд. теңге – «Самұрық-Қазына» ҰӘАҚ» АҚ-ның «Қазкоммерцбанк» АҚ-ның жай атаулы акцияларын 165 517 241 дана мөлшерінде сатып алуы.

2) жылжымайтын мүлік нарығындағы проблемаларды шешу бойынша

№.№	ЕДБ атауы	Жасалынған шарттардың (қосымша келісімдердің) сомасы, млн. теңге
Ипотекалық заемдарды қайта қаржыландыру		
1.	«БТА Банкі» АҚ	21 679,7
2.	«Қазкоммерцбанк» АҚ	19 557,4
3.	«Альянс Банк» АҚ	10 750,9
4.	«Банк Центр Кредит» АҚ	3 071,0
5.	«АТФ Банк» АҚ	3 000,0
6.	«Еуразиялық Банк» АҚ	3 000,0
7.	«Темір Банк» АҚ	3 000,0
8.	«Kaspi Bank» АҚ	3 018,1

9.	«Цеснабанк» АҚ	3 000,4
10.	«Қазақстан Халық Банкі» АҚ	16 402,0
	Жиынтығы	86 479,1
Астана және Алматы қалаларындағы жылжымайтын мүлік объектілерінің құрылысын аяқтау		
1.	«Самұрық-Қазына» жылжымайтын мүлік қоры» АҚ-ның жарғылық капиталына ақы төлеу	15 000
	Жиынтығы	15 000
	Барлығының жиынтығы	101 479,1

3) шағын және орта бизнесті қолдау бойынша

№№	ЕДБ атауы	Жасалынған шарттардың (қосымша келісімдердің) сомасы, млн. теңге	Оның ішінде, жасалынған шарттардың, қайта қаржыландыру сомасы, млн. теңге
1.	«БТА Банкі» АҚ	27 021,8	10 851,2
2.	«Альянс Банк» АҚ	18 000	10 139,4
3.	«АТФ Банк» АҚ	9 266,3	5 907,4
4.	«Банк Центр Кредит» АҚ	10 000,0	6 144,9
5.	«Қазақстан Халық Банкі» АҚ	10 722,4	8 120,8
6.	«Сбербанк России» АҚ	6 003,8	2 773,5
7.	«Қазкоммерцбанк» АҚ	13 933,8	8 810,6
8.	«Цеснабанк» АҚ	3 300	2 066,4
9.	«Нұрбанк» АҚ	6 172,9	3 549,0
10.	«Kaspi Bank» АҚ	6 000	2 460,9
11.	«Еуразиялық Банк» АҚ	2 977,5	755,2
12.	«Астана-Финанс Банк» АҚ	3 000	347,5
	Жиынтығы	116 398,5	61 926,8

- осы бағыт бойынша «Даму» КДҚ» АҚ-ға бөлінген 3 млрд. теңге игерілген жоқ, оларды ЕДБ-ға қайта бөлу жоспарланып отыр

4) экономиканың нақты секторын кредиттеу (қайта қаржыландыру) бойынша

№№	ЕДБ атауы	Заемшылар саны	Қайта қаржыландыру сомасы, млн. теңге
1.	«Қазкоммерцбанк» АҚ	50	90 419,5
2.	«Қазақстан Халық Банкі» АҚ	23	58 397,3
	Жиынтығы	73	148 816,8

5) инновациялық, индустриалдық және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру бойынша

№№	Заемшының/объектінің атауы	Сомасы, мың теңге
1.	«Шымбұлақ» тау шаңғысы курорты	680
	Жиынтығы	680

«ҚазАгро» ҰХ» АҚ берген ақпараттарға сәйкес агроөнеркәсіптік секторды қолдауға бөлінген 120 млрд. теңгеден 25.06.09 жылғы жағдай бойынша іс жүзінде 64 128,7 млн. теңге игерілді, оның ішіндегі 63 605,9 млн. теңге айналым капиталын толықтыру үшін ауыл шаруашылық тауарларын өндірушілерді кредиттеуге, ал 522,8 млн. теңге инвестициялық жобаларға (игерілуі 53,4%) бағытталды.

Осылайша, экономиканы және қаржы жүйесін тұрақтандыруға бөлінген ақшаны игеру пайызы 6 бағыт бойынша 2009 жылғы 25 маусымда төмендегідей пайызды құрады:

1. қаржы секторын тұрақтандыру бойынша – 92,7%;
2. жылжымайтын мүлік нарығындағы проблемаларды шешу бойынша, оның ішінде:
 - ипотекалық заемдарды қайта қаржыландыру бойынша – 72,1%;
 - жылжымайтын мүлік объектілерінің құрылысын аяқтау бойынша – 6,25%.
3. шағын және орта бизнесті қолдау бойынша – 99,5%;
4. экономиканың нақты секторын кредиттеу бойынша – 103,3%;
5. агроөнеркәсіптік кешенді қолдау бойынша – 53,4% ;
6. инновациялық, индустриалдық және инфрақұрылымдық жобаларды іске асыру бойынша – 0,00056%.